

АЙМАҚ АҚШАМЫ

№37 (150) ЖҰМА

17 қазан 2025

САЯСИ-ҚОҒАМДЫҚ, ТАНЫМДЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-ЖАРНАМАЛЫҚ ГАЗЕТ

• БӘРЕКЕЛДІ!



АЛЫС АУЫЛДАҒЫ АҚСАҚАЛ

«АЙМАҚ АҚШАМЫ» газетіне алдағы жылға алғашқы болып жазылды

Ұлытау ауданының «Сарысу» ауылына қарасты «Қараоба» қыстағында тұратын Якуда Ибраев ақсақал уатсап желісі арқылы, келесі жылға «Аймақ ақшамы» газетіне жазылғаны туралы хабарлап, түбіртегін қоса салып жіберіпті. Мұндайда қалай қуанбайсың? Қуанған өз алдына, таңданып та қалдық. Өйткені...

Дала түгілі қаланың өзінде «Баспасөзге жазылу» деген науқан әлі бастала да қойған жоқ. Кейінгі жылдары газет – журналдарға жазылу қандай қиындықпен жүргізілетіні және белгілі. Міне, осындай жағдайда сексеннің сегізіндегі қариямыздың халыққа үлгі көрсетіп жатқаны қандай ғанибет?!

«Тектілік тұқым қуалайды» деген рас та секілді. Сұрастыра келгенде білгеніміз, Якуда ақсақал - Теректі әулиеге мәңгілік мекен бұйырған тамырлы топырақтың тумасы ғана емес, Жезқазған – Ұлытау өңіріне кеңінен танымал, атақты Бұзау болыстың шөбересі де болып шықты.

Атамызға айтар алғысымыз шексіз.

Сол кісінің жолымен 2026 жылға «Аймақ ақшамына» жазылатын оқырмандардың қарасы бір қауым елге айналсын!

Абдолла ДАСТАНОВ,
«Аймақ ақшамы»
газетінің бас редакторы.

ҰЛЫТАУ ОБЛЫСЫНДА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ІС-ШАРАЛАР ӨТТІ

Ұлытау облысында ұлттық экологиялық бастама - «Таза Қазақстан» акциясы аясында ағаш отырғызу акциясы өтуде. Іс-шараның мақсаты - тұрғындарды қоршаған ортаны қорғауға шақыру, экологиялық мәдениетті арттыру және туған өлкеге қамқорлық жасауды дәстүрге айналдыру.



Жезқазған қаласында «Таза қала» акциясы аясында жастар, еріктілер мен қала тұрғындарының қатысуымен Алашахан даңғылы мен «Наурыз» саябағында ағаш отырғызу жұмыстары жүргізілуде.

Сәтбаев қаласының жастары мен «Таза Сәтбаев» волонтерлік ұйымының мүшелері экологиялық акцияға белсене қатысып, қаланың тазалығына өз үлестерін қосты. Бұл жолы қатысушылар қаланың орталық бөліктерінде қоқыс жинап, арамшөптерді тазалады.

Акцияға мемлекеттік органдар өкілдерімен қатар, блогерлер, қоғамдық ұйым

мүшелері, жастар және еріктілер қатысты. Сондай-ақ, облыстық және республикалық БАҚ өкілдері ақпараттық қолдау көрсетті.

«Таза Қазақстан» республикалық акциясы аясында 2025 жылдың басынан бері 10 облыстық және 15 қалалық сенбілік өткізілді. Бұған қоса, апта сайын қала мен аудандарда «Таза бейсенбі» шарасы өткізіліп келеді.

2025 жылдың басынан бастап «Таза Қазақстан» акциясы аясында Ұлытау облысында 14 мыңнан аса ағаш егілді.

Облестік баспасөз қызметі



ХАБАРЛАМА

Жезқазған қалалық мәслихаты Жезқазған қаласындағы кейбір көшелердің жаңа атауларға ие болғанын хабарлайды.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 1 тамыздағы № 211 бұйрығымен бекітілген «Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларын бекіту туралы» қағидаларына сәйкес және қалалық мәслихатының Регламенті негізінде қаламыздың көшелерін қайта атау бойынша

халықтың пікірін ескеру мақсатында Жезқазған қалалық мәслихатының әлеуметтік мәселелері бойынша тұрақты комиссиясы Жезқазған қаласының көшелеріне қайта атау беру бойынша көпшілік тыңдау өткізіп халықтың ескерілген пікірін Республикалық ономастика комиссиясының қарауына жолдаған болатын.

Республика ономастика комиссиясының қорытындысының негізінде Ұлытау облысы әкімдігінің бірлескен қаулысы мен облыстық мәслихаттың шешімімен Жезқазған қаласының кейбір көшелеріне мынадай атаулар берілді:

Мира даңғылы- Бейбітшілік даңғылы болып өзгертілді.

Либкнехт көшесі мен Карл Либкнехт тұйық көшесі (екеуі бір көшеде жалғасып жатыр) – Қамза Жұмабеков көшесіне өзгертілді.

Сонымен қатар, атаусыз көшелер атауларын алды:

Батыс ауданындағы атауы жоқ бірінші кезектегі бірінші көшені-Бектай Әбсаттар көшесі;

Батыс ауданындағы атауы жоқ екінші кезектегі бірінші көшені-Қалқен Мәкенбаев көшесі.

Батыс ауданындағы атауы жоқ екінші кезектегі екінші көшеге-Түсіп Секеманов көшесі болып аталды.

Бірлескен қаулы 2025 жылғы 10 қазаннан бастап қолданысқа енгізілді.

► ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ: СЕНІМГЕ СЕРПІН

БАҒАЛЫ БАСТАМАЛАР, ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚТАР

Мемлекет басшысының әр Жолдауы – ел тұрғындары үшін бағалы бастамалар мен жағымды жаңалықтар жаршысы. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев ұсынған бұл бағдарлама халықтың өмір сапасын жақсартуға, білім мен денсаулық сақтау салаларын нығайтуға, әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз етуге және экономикамызды әртараптандыруға бағытталған нақты шараларды қамтиды. Осы Жолдауда Президент өзекті мәселелердің барлығын көтеріп қана қоймай оны қолға алу үшін Үкіметке нақты тапсырмалар берді.



Жолдауда Президентіміз ауылшаруашылықты, экономиканы көтеру үшін инвестиция тартуды қолға алуды, ғылым, білім, инновацияларын, цифрландыруды, жасанды интеллекті дамытуды, сонымен қатар, халықты суды үнемдеуге шақырып, тұрғын-үй коммуналдық шаруашылықты дамытудың жолдарын айтып, бағыт-бағдар берді. Онымен қоса мәдениет пен туризмді дамыту, отбасындағы тәрбиеге көңіл бөлуді де қолға алуды көтерді.

Салық кодексіне де тоқталып, үнемделген әрбір қаржы халықтың игілігіне жұмсалуды қажет деп баса айтып өтті. Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында экологиялық ағарту ісінің бірыңғай үлгісін

енгізуге шақырды. Таза Қазақстан жобасы туралы да Мемлекет басшысы жақсы айтып өтті. Жұрт болып жұмылудың арқасында 860 мың гектардан астам аумақ тазаланды, 4 миллионнан астам ағаш отырғызылды. Осы жобаны одан әрі жалғастыруымыз қажет деп атап өтті. Сонымен қатар жастарға заманауи технологияларды меңгеріп, халқымызды озық ойлы ұлттардың қатарына қосу туралы айтып, жастардың күш-жігеріне, олардың дарыны мен біліміне сенемін деп зор сенім білдірді.

Мәдениет пен әдеп, тәрбие мен тәлім әрбір азаматтың, әрбір отбасының өзінен басталуы қажет. Қазіргі бұлыңғыр заманда ең басты міндет — еліміздің егемендігін, жеріміздің тұтастығын нығайту. Ол үшін бірлігіміз бекем болуы керек. Халқымыз тату болса, ішкі ахуал тұрақты болса, біз барлық қиындықты жеңеміз. Кез келген кедергіден өтеміз.

Сондықтан жұртымызды ел тыныштығын бағалай білуге, сақтай білуге шақырамын, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев Жолдауда.

Мемлекет басшысы мәлім еткендей, әрбір азамат мемлекетшіл, отаншыл болуы керек. Ендеше құрметті жерлестер, Жолдаудағы тапсырмаларды атқаруға барлығымыз біркісідей атсалысайық! Еліміз аман, жұртымыз тыныш, бірлігіміз бекем болсын!

Раушан ҚАПАРОВА,
Жезқазған қалалық
мәслихатының төрағасы.

АҚЫЛЫ ЗИРАТ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ – ЖАЛҒАН

Әлеуметтік желілерде жаңа мұсылман зираты ақылы болады деген ақпарат тарауда. Бұл ақпарат шындыққа жанаспайды.

Мұсылман зираты тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің балансында. Зират аумағында ақылы қызметтер енгізу жөнінде ешқандай шешім қабылданған жоқ.

Жалған ақпарат таратқан тұлғаға қатысты қолданыстағы заңнамаға сәйкес полиция бөліміне өтініш берілетін болады.

Қоршау орнату жұмыстары зират аумағын абаттандыру және

ретке келтіру, қаланың шекарасына қарай кеңеюдің алдын алу, сондай-ақ жануарлардың кіріп кетуін қамтамасыз ету мақсатында жүргізілуде.

Қазіргі уақытта қоршау орнату жұмыстары жалғасуда.

Жалған ақпарат тарату — заңмен қудаланады.

Сәтбаев қаласы әкімінің
баспасөз қызметі.

► МІНЕ, КЕРЕМЕТ!

АЛҒАШ РЕТ БҮЙРЕККЕ ЖАҢА ӘДІСПЕН ОТА ЖАСАЛДЫ

Жезқазған көпсалалы ауруханасының урологиялық бөлімшесінде алғаш рет аз инвазивті әдіспен бүйрекке операция жасалды. Бұған жергілікті бюджет есебінен 15 миллион теңгеге сатып алынған жаңа медициналық жабдық — мониторы бар икемді уретерореноскоп мүмкіндік берді.



Бұл әдіс бүйрек ішілік хирургия кесусіз және тесу жасалмай, науқастың денесінде ешқандай тыртық қалдырмай тастарды алу тәсілі болып табылады. Бұл процедура кезінде уретероскоп науқастың зәр шығару жолы арқылы енгізіліп, бүйрекке дейін көтеріледі. Лазердің көмегімен тастар ұсақ бөлшектерге бөлініп, сыртқа шығарылады.

Қарағандыдан келген тәжірибелі уролог Серік Жүнісов жезқазғандық дәрігерлерге мастер-класс өткізіп,

төрт науқасқа сәтті операция жасады. Әр операция шамамен 30–40 минутқа созылып, пациенттер екі күннен кейін үйлеріне жіберілді.

Жаңа әдіс енді тұрақты түрде қолданылатын болады. МӘМС шеңберінде ай сайын 10–15 операция жасау жоспарланып отыр. Мұндай операциялар енді облыс тұрғындары үшін тегін, қауіпсіз және тиімді медициналық көмек ретінде қолжетімді болады.

Өз тілшімізден.

ҚАЛА – ЖАЙЫЛЫМ ЕМЕС

Сәтбаев қаласында қараусыз жүрген үй жануарлары мен ірі қара малдардың көбеюі абаттандыру жұмыстарына кері әсерін тигізуде. Қоғамдық орындарға еркін кіріп жүрген малдар жаңадан отырғызылған гүлзарлар мен көгалдарды таптап, бүлдіріп жатыр. Бірнеше ай бойы жүргізілген абаттандыру жұмыстары, ондаған мамандардың еңбегі мен бюджет қаржысы зая кетуде.

Қараусыз жүрген мал тек абаттандыруға зиян келтіріп қоймай, балалардың қауіпсіздігіне және жол қозғалысына да қауіп төндіреді. Мұндай жағдайлар көбіне мал иелерінің немқұрайлығы мен жауапсыздығынан туындайды.

Жыл басынан бері иесіз жүрген мал фактілері бойынша 29 әкімшілік құқық бұзушылық тіркеліп, мал иелеріне хаттамалар толтырылды және айыппұлдар салынды.

Құрметті тұрғындар, үй жануарлары мен ірі қара мал иелерін өз меншігіндегі малға мұқият болуға және қала аумағында бос жібермеуге шақырамыз. Бұл — ортақ тәртіп пен қоғамдық мәдениетті сақтау жолындағы жауапты қадам.

ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 408-бабына сәйкес, ауыл шаруашылығы жануарларын елді мекендерде қадағалаусыз және бағусыз жіберуге тыйым салынады.



Аталған құқық бұзушылықтар үшін айыппұл түріндегі әкімшілік жауапкершілік қарастырылған.

Қала — бәрімізге ортақ. Тәртіп — өзімізден басталады.

Сәтбаев қаласы әкімінің
баспасөз қызметі

► 26-қазан – Сәтбаев қалалық мәслихатының шығып қалған депутаттарының орнына сайлау күні

**№ 6 сайлау округі бойынша
Сәтбаев қалалық мәслихаты депутаттығына үміткер
Рахметов Қуандық Әжімағанбетұлының
Сайлауалды Бағдарламасы**

Мен Сәтбаев қаласының проблемалық мәселелерін жақсы білемін, соның ішінде атап айтқанда:

- аулааралық және автомобиль жолдарының нашар жағдайы;
- экологиялық қолайсыздық;
- инженерлік желілердің тозуы;
- денсаулық сақтау саласындағы проблемалар, атап айтқанда, медициналық кадрлардың, денсаулық сақтау нысандарының және жабдықтардың тапшылығы. Медициналық қызметтің сапасы өзекті мәселе болып табылады;
- тұрғын үй тапшылығы;
- бала-бақша орындарының тапшылығы;
- әлеуметтік-мәдени нысандардың тапшылығы мен тозуы және т.б.;
- әсіресе жастар мен жасөспірімдер арасында бос уақытын мағаналы түрде өткізетін мәдени орындардың болмауы (отбасылық демалыстар, туризм, спорттық іс-шаралар).

Құрметті жерлестер!

Егер мен депутат болып сайлансам, бар күш-жігерімді, жинақтаған тәжірибемді, білімімді жоғарыда айтылған мәселелерді шешуге жұмсаймын.

Біз бұл өзекті мәселелерді шешіп, қала тұрғындарының әл-ауқатын жақсарту алатынымызды білемін. Бірлескен күш-жігер арқылы біз қаламызды таза, жайлы және өмір сүруге тартымды орынға айналдыратынымызға сенімдімін.

Сіздерді сайлау учаскелеріне келіп, балаларымыз үшін, отбасымыз үшін, Сәтбаев қаласының барша тұрғындары үшін бақытты және жайлы өмір сүру үшін дауыс беруге шақырамын!



ҚАЛАМЫЗДЫҢ БОЛАШАҒЫ ӘРҚАЙСЫМЫЗҒА БАЙЛАНЫСТЫ!

(Республикалық бюджет қаржысы есебінен төленді)

► 26 октября — День выборов депутатов Сатпаевского городского маслихата вместо выбывших

**ПРЕДВЫБОРНАЯ ПРОГРАММА
кандидата в депутаты Сатпаевского городского
Маслихата по избирательному округу № 6
Рахметова Куандыка Ажмаганбетовича**

Мне хорошо известны проблемные вопросы города Сатпаев, это:

- Плохое состояние внутридомовых и автомобильных дорог;
- экологическое неблагополучие;
- изношенность коммунальных сетей;
- проблемы в медицине, а именно - нехватка медицинских кадров, объектов здравоохранения, оборудовании. Острым стоит вопрос качества оказания медицинских услуг.
- нехватка жилья;
- дефицит мест в детских садах.
- нехватка и изношенность объектов «Соцкультбыта» и т.д.
- отсутствие активного досуга, особенно среди подростков и молодежи (семейный отдых, туристическая сфера, спортивные мероприятия).

Уважаемые земляки!

В случае избрания меня депутатом приложу все свои усилия, приобретенный опыт и знание для решения вышеуказанных проблем.

Я знаю, мы сможем решить эти наболевшие вопросы и улучшить благосостояние жителей нашего города. Уверен, совместными усилиями мы сделаем наш город чистым, комфортным и уютным для проживания.

Призываю Вас прийти на избирательные участки и проголосовать за счастливую и комфортную жизнь наших детей, нашей семьи и всех жителей города Сатпаев!

БУДУЩЕЕ НАШЕГО ГОРОДА ЗАВИСИТ ОТ КАЖДОГО ИЗ НАС!

(Оплачено из средств республиканского бюджета)

► ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ: СЕНІМГЕ СЕРПІН

ЖАҢА МІНДЕТТЕР ЖҮКТЕЛДІ

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Жолдауы – еліміздің жаңа даму кезеңіне қадам басқанын айқындайтын стратегиялық құжат.

Мемлекет басшысы атап өткендей, қазіргі заманның басты талабы – жасанды интеллекті тиімді пайдалану. Бұл бағыт экономиканың барлық саласында өнімділікті арттырып, жаңа жұмыс орындарын ашуға, шешім қабылдау үдерістерін жеделдетуге жол ашады.

Жолдауда ерекше мән берілген тағы бір мәселе – білім беру жүйесін жаңа талаптарға бейімдеу. Жастарды IT, киберқауіпсіздік, робототехника салаларына баулу арқылы біз болашақ мамандарды даярлап, еліміздің жандық бәсекеге қабілеттілігін арттырамыз. Сонымен бірге, деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және азаматтардың цифрлық құқықтарын қорғау – сенімді экожүйе қалыптастырудың басты кепілі.

Бұл бастамалардың барлығы біздің Сәтбаев қаласы үшін де аса маңызды. Өндірістік қала болғандықтан, цифрлық шешімдер кен өндірісінің тиімділігін арттыруға, экологиялық мәселелерді оңтайлы шешуге және тұрғындарға көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын жақсартуға мүмкіндік береді. Әсіресе жастар үшін жаңа IT-білім беру жобалары – олардың болашағына жол ашып, қалада заманауи мамандардың қалыптасуына ықпал етеді.

Сонымен қатар, цифрлық технологиялардың көмегімен экологиялық бақылау жүйесін жетілдіру мүмкіндігі



туады. Өндірістік қаланың ауа сапасын, топырақ пен су ресурстарын үздіксіз мониторингтеу арқылы экологиялық зиянды азайту шаралары дер кезінде қабылданады. Бұл – қаланың табиғи ортасын сақтау және тұрғындардың денсаулығын қорғау үшін өте маңызды.

Жастардың IT саласында білім алуы – болашақтың кепілі. Қалада заманауи білім беру орталықтары ашылып, түрлі курстар мен тренингтер ұйымдастырылуда. Бұл бастамалар жас мамандарға инновациялық жобаларда жұмыс істеуге, өз идеяларын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, жергілікті бизнес пен өндіріс орындарына қажетті кадрларды даярлау деңгейі де артады.


Осылайша, цифрландыру және білім беру бағытындағы жобалар Сәтбаев қаласының тұрақты дамуына серпін береді. Олар экономика мен әлеуметтік саланың бір-бірімен үйлесімді жұмыс істеуін қамтамасыз етіп, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттырады. Қаланың келешегі – білімді, саналы жастар мен жаңа технологиялардың үйлесімінде екені анық. Сондықтан да осы бастамаларды қолдап, дамыту – біздің ортақ міндетіміз.

Мемлекет басшысының Жолдауы — бұл біздің ортақ болашағымызға бағытталған нақты әрі маңызды бағдарлама. Осы Жолдаудағы міндеттерді толықтай қолдап, оларды жүзеге асыруға барынша атсалысу — әрқайсымыздың азаматтық парызымыз. Мен және Сәтбаев қаласының тұрғындары өңіріміздің өркендеуіне, әлеуметтік-экономикалық дамуына өз үлестерін қосуға дайынбыз. Бірлік пен ынтымақтастық арқылы ғана елдің игілігі үшін маңызды істерді жүзеге асыра аламыз деп сенемін.

**Дәулет СЕЙТПЕКОВ,
Сәтбаев қалалық
мәслихатының депутаты,
«Ұлытау жастары» ҚБ
төрағасы.**

«ҰЛТТЫҚ ДИКТАНТ» ЖОБАСЫ

Аталған республикалық жобаға Сәтбаев қаласындағы мемлекеттік мекеме өкілдері жоғары жауапкершілікпен атсалысты.



Мемлекеттік қызметшілер үшін мұндай жобалар тек тілдік сауаттылықты ғана емес, ұлттық бірегейлікті дәріптеудің маңызды қадамы болып табылады.

Қатысушылар диктант мәтінін зейін қойып жазып, білім деңгейін сыннан өткізді. Ұйымдастырушылар бұл бастаманың қоғамда мемлекеттік тілге деген құрметті күшейтіп, сауатты жазу мәдениетін қалыптастыруға, тіл тазалығын сақтауға, тіл мәдениетін дамытуға серпін беретіндігін атап айтты.

Мемлекеттік қызметкерлер елдік мүдде мен рухани құндылықтарға деген адалдығын осылай танытты. Барша азаматтардың тілдік сауатын арттыруға үлес қосқан жоба жалғаса бермек.

**Мейрамкүл
САЯЖАНҚЫЗЫ.**

► 26-қазан – Сәтбаев қалалық мәслихатының шығып қалған депутаттарының орнына сайлау күні

САЙЛАУҒА ШАҚЫРАМЫН!

Мен, **Руслан Серікұлы ИСАБАЕВ** «Respublica» партиясының партиялық тізімі бойынша №12 сайлау округынан Сәтбаев қалалық мәслихатының депутаттығына үміткермін. Сіздерді 26-қазан күні №16 және №9 мектептерде орналасқан сайлау учаскелерінде өтетін сайлауға қатысуға шақырамын.

Менің басты мақсатым – Сәтбаев қаласының әлеуметтік-экономикалық әлеуетін көтеріп, әр отбасының тұрмыс сапасын жақсартуға үлес қосу.

Сіздердің сенімдеріңізді ақтау үшін әрбір ұсыныстарыңызды тыңдап, мәслихат қабырғасында нақты шешім қабылдануына ықпал етемін.

«Respublica» – Әр азамат маңызды! Әр пікір ескеріледі!

«Respublica» – Жаңа адамдар – Жаңа қадамдар!

(Республикалық бюджет қаржысы есебінен төленді)



► 26 октября — День выборов депутатов Сатпаевского городского маслихата вместо выбывших

ПРИЗЫВАЮ ВАС ПРИНЯТЬ УЧАСТИЕ НА ВЫБОРАХ!

Я, **Руслан Серикович ИСАБАЕВ**, являюсь кандидатом в депутаты Сатпаевского городского маслихата по партийному списку партии «Respublica» от избирательного округа №12. Призываю Вас принять участие на выборах которое состоится 26 октября 2025г, в школах №16 и №9.

Моя главная цель – способствовать повышению социально-экономического потенциала города Сатпаев и улучшению качества жизни каждой семьи.

Я открыт к вашим предложениям и готов содействовать принятию конкретных решений в стенах маслихата.

«Respublica» – Каждый гражданин важен!

Каждое мнение услышано!

«Respublica» – Новые люди – Новые шаги!

(Оплачено из средств республиканского бюджета)

► 26-қазан – Сәтбаев қалалық мәслихатының шығып қалған депутаттарының орнына сайлау күні

№ 12 бірмандатты сайлау округі бойынша Сәтбаев қалалық мәслихатының депутаттығына кандидат Талант Бейсетович СЕЙТМАҒАНБЕТОВТІҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

БІРГЕ ДАМИМЫЗ, БІРГЕ ӨСЕМІЗ!

Сәтбаев – біздің үйіміз, еңбегіміз және болашағымыз.

Мақсатым – қаламызды жайлы, заманауи және дамуға ашық ету.

Депутат болу – халық сенімін ақтап, әрбір азаматтың сөзін тыңдау деген сөз.

Бірге дамимыз, бірге өсеміз!

НЕГІЗГІ БАСЫМДЫҚТАР

1. Білім мен жастар

- Білімді және белсенді жастарды қолдау.
- Бастамашыл және талантты жастарды

2. Спорт және салауатты өмір салты

- Балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерін дамыту.
- Қалалық спорттық жарыстар мен фестивальдер өткізу.

3. Мәдениет пен руханият

- Жергілікті өнер ұжымдары мен таланттарды қолдау.
- Мәдени жобаларға кәсіпкерлерді демеушілікке тарту

4. Әлеуметтік қолдау

- Азық-түлік пен дәрі-дәрмек бағасына бақылау орнату.



► 26 октября — День выборов депутатов Сатпаевского городского маслихата вместо выбывших

ПРЕДВЫБОРНАЯ ПРОГРАММА кандидата в депутаты Сатпаевского городского маслихата Таланта Бейсетовича СЕЙТМАҒАНБЕТОВА по одномандатному избирательному округу №12

РАЗВИВАЕМСЯ ВМЕСТЕ, РАСТЁМ ВМЕСТЕ!

Моя цель — сделать город комфортным, современным и открытым для развития.

Быть депутатом — значит быть честным и слышать каждого жителя.

Развиваемся вместе, растём вместе!

ОСНОВНЫЕ ПРИОРИТЕТЫ

1. Образование и молодёжь

- Больше бесплатных кружков и секций для детей.
- Поддержка инициативной и талантливой молодёжи.

2. Спорт и здоровый образ жизни

- развитие детско-юношеских спортивных школ.
- проведение городских спортивных соревнований и фестивалей.

3. Культура и духовность

- Привлечение спонсоров из бизнеса в культурные проекты.
- Поддержка творческих коллективов и талантов.

4. Социальная поддержка

- Контроль за ценами на продукты и лекарства.

**МЕНИҢ СЕНИМІМ – СӘТБАЕВТЫҢ
БОЛАШАҒЫ БІЛІМДІ, БЕЛСЕНДІ ЖӘНЕ
БАҚЫТТЫ АДАМДАРЫНДА!**

(Республикалық бюджет қаржысы есебінен төленді)

**Я ВЕРЮ, ЧТО СИЛЬНОЕ БУДУЩЕЕ САТПАЕВА
СТРОИТСЯ НА ОБРАЗОВАННЫХ, АКТИВНЫХ
И СЧАСТЛИВЫХ ЛЮДЯХ!**

(Оплачено из средств республиканского бюджета)

АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМДЫ ДАМУҒА ҮШІН

15–16 қазан күндері Астанада XII Азаматтық форум болып өтті. Форум — бұл мемлекет пен азаматтық қоғам арасындағы ашық диалогтың маңызды алаңы.

Форум аясында 20-дан астам сессия ұйымдастырылды. Олардың қатарында қоғамдық кеңестердің отырысы, халықаралық конференциялар, Қайырымдылық форумы және азаматтық сектордың дамуына арналған тақырыптық талқылаулар болды.

Спикерлер қатарынан министрлер, депутаттар, қоғамдық ұйымдардың

өкілдері мен сарапшылар табылды.

Форум елдің тұрақты дамуы мен бірлігін нығайтудағы азаматтық қоғамның ролін нығайту жолдарын қарастырды.

Форум жұмысына облыстың, Сәтбаев қаласының бір топ өкілдері қатысты.

Ай НҰР.



► 26-қазан – Сәтбаев қалалық мәслихатының шығып қалған депутаттарының орнына сайлау күні

► 26 октября — День выборов депутатов Сатпаевского городского маслихата вместо выбывших

**№ 12 бірмандатты сайлау округі бойынша
Сәтбаев қалалық мәслихатының депутаттығына
кандидат Самир Рафиг-оглы МАМЕДОВТИҢ
САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ**

**МЕН МӘСЛИХАТҚА НАҚТЫ
МӘСЕЛЕРДІ ШЕШУ ЖӘНЕ
ЭКОНОМИКАНЫ ДАМУҒА ҮШІН
БАРАМЫН!**

НЕГІЗГІ БАСЫМДЫҚТАР

- 1. Экономика және жұмыспен қамту**
 - Жаңа өндіріс орындарын ашуға ықпал жасау
 - Инвестиция тарту және жаңа жұмыс орындарын құру.
- 2. Экология**
 - «Таза Сәтбаев — таза болашақ» бағдарламасын жүзеге асыру.
 - Қаланы көгалдандыру және қоқыс сұрыптау жүйесін енгізу.
- 3. Әлеуметтік әділеттілік**
 - Бағалар мен қызмет сапасына депутаттық бақылау.



**ПРЕДВЫБОРНАЯ ПРОГРАММА
кандидата в депутаты Сатпаевского городского
маслихата Самира Рафиг-оглы МАМЕДОВА
по одномандатному избирательному округу №12**

Сатпаев — динамичный промышленный центр, и наша задача — превратить его в удобный, безопасный и современный город.

**Я ИДУ В МАСЛИХАТ, ЧТОБЫ РЕАЛЬНО
РЕШАТЬ ПРОБЛЕМЫ ЖИТЕЛЕЙ И
ПОМОГАТЬ РАЗВИТИЮ ЭКОНОМИКИ.**

ОСНОВНЫЕ ПРИОРИТЕТЫ

- 1. Экономика и занятость**
 - Оказание содействия в открытии новых производственных предприятий.
 - Привлечение инвестиций и создание рабочих мест.
- 2. Экология**
 - Программа «Чистый Сатпаев — чистое будущее».
 - Озеленение и развитие системы сортировки отходов.
- 3. Социальная справедливость**
 - Контроль за ценами и качеством услуг.
 - Поддержка жилья для молодых семей и работников социальной сферы.

**МАҚСАТЫМ – ЭКОНОМИКАСЫ МЫҚТЫ,
ЭКОЛОГИЯСЫ ТАЗА, ӨМІР СҮРУГЕ ЖАЙЛЫ
СӘТБАЕВ ҚАЛАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ!**

(Республикалық бюджет қаржысы есебінен төленді)

**МОЯ ЦЕЛЬ — СИЛЬНАЯ ЭКОНОМИКА,
ЧИСТЫЙ ГОРОД И ДОСТОЙНАЯ ЖИЗНЬ
ДЛЯ КАЖДОГО!**

(Оплачено из средств республиканского бюджета)

ӨНЕР

СҮЙЕК ПЕН ТАСҚА ТІЛ БІТІРГЕН

Сәтбаев қаласындағы №7 мектептің 10-сыныбында оқитын Жанмира Айтбаеваның шығармашылығымен танысқан жан таңғалмай қоймайды.

Оқушының қылқаламынан шыққан суреттерін алғаш рет Ұлытау ауданының Болатсай баурайында өткен «Көкмайса» фестивалінде көрдік. Алаңда тігілген киіз үйлерде қолөнер, киіз басу, шиток, арқан есу, қамшы өру сияқты шеберлік сыныбы ұсынылды. Қолөнер туындысын қызықтап тұрғанда сүйектер мен тастарға салған ғажайып суреттер, әсіресе малдың жауырын сүйегіне салған суреті көздің жауын алады.

Сурет әлемін сүйетін Жанмира көп сөйлей қоймайды, есесіне суреттері сөйлейді. Ол 11-сыныпты аяқтаған соң дизайнер оқуына барғысы келетінін айтты.

Дарын иесі сурет салатын тасты алыстан іздемейді. Ұлытаудың тастарын таңдап алып, соған өзінің әдемі қиялын өрнектейді. Тастың бетіне киіктің, тазының, аққудың, арқардың және тағы басқа жануарлар мен құстардың суретін, қазақтың ою-өрнектерін салып, түрлі-түсті бояумен әшекейлейді. Тіпті кейбір жануардың мүйіздеріне дейін өрнек салады. Жұдырыққа ғана сыятын жұмыр тастың үстіне



бүкіл қазақтың байтақ даласын сыйғызып жіберген шеберлігіне тәнті боласың.

Өнерлі өрենнің тарихтан да хабары бар. Көлемділеу жалпақ тастың бетіне Жошы ханның жорығын бейнелеген. Асықтардың да бетіне тарих қойнауынан келе жатқан балбал тастарды бедерлеп салған. Ұлытаудың табиғатын бейнелеп, «Ұлытау» деп жазылған төсбелгілер жасайды.

Жанмираның дарынын алғаш ұстазы Балқия Тұрысбекова байқаған. Ол – Сәтбаев қаласындағы №7 жалпы білім беретін



мектепте көркем еңбек пәнінің мұғалімі. Сәтбаев қаласындағы Кеншілер сарайы жанындағы үйірмеде оқушыларды қолөнерге баулиды.

«Мен Жанмираға 5-сыныпта сурет пәнінен сабақ бердім. Сол кезде оның қойын кітапшаға сурет салып отырғанын байқадым. Жеке тапсырмалар жүктеп көріп едім, құлпыртып жібереді екен. Сүйектерге сурет саларда «шикізатын» дайындап беремін. Малдың жауырын сүйегіне сурет саларда тұзға ұзақ қайнатып, ішіндегі майынан, иіс-қоңысынан тазартып, әбден кептіремін», дейді ұстазы.

Жанмираның жауырына салған суретіне сүйсініп ұзақ қарадық. Онда аспан түстес бояудың жоғары жағында күн шуағын шашып тұр. Ортасына қарай қазақ халқы қасиетті құс деп санайтын үкіні салған. Қырағы құстың маңдай тұсына шағын асыл тас тағылған. Туған жерімді, елімді тіл-көзден сақтасын деген белгі. Мойын тұсында темірден жасалған ұлттық ою-өрнек. Төменгі жағында тастар, аузын апандай ашқан арлан бейнеленген. Бұл – бір ғана туындысы. Осындай қаншама қызықты, мағынасы терең туындысы бар. Көрген жұрт таңданысын жасырмай, сатып та алады.


**Жұлдыз ТОЙБЕК,
Ұлытау облысы
«Egemen Qazaqstan»,
14.10.2025**



ОВЕН Для вас наступает время, когда стратегический фокус и решительность принесут максимальные плоды. Энергия недели поможет вам не просто начать, но и довести до логического конца важный проект. В начале недели сосредоточьтесь на карьере — ваше лидерство будет замечено.



ТЕЛЕЦ. Эта неделя принесет вам возможность укрепить свое материальное положение и обрести душевную гармонию через порядок. Начало периода идеально для пересмотра бюджета и поиска скрытых резервов — возможно, вы поймете, как сэкономить на чем-то неочевидном. Благоприятное время для благоустройства дома.



БЛИЗНЕЦЫ. Вас ждет неделя, насыщенная общением и интеллектуальными прорывами. Ваша природная коммуникабельность станет ключом к решению застарелых проблем как на работе, так и дома. Будьте открыты коротким поездкам и новым знакомствам — они принесут свежие идеи.



ПАК. На этой неделе ваша интуиция станет главным советчиком, особенно в вопросах семьи и личного комфорта. Прислушивайтесь к внутреннему голосу при принятии решений, касающихся дома или отношений с родственниками. Эмоциональная перезагрузка сейчас важна как никогда: проведите время с самыми близкими, чтобы наполниться теплом.




ЛЕВ. Ваша харизма и творческая энергия выходят на передний план, привлекая к вам восхищенные взгляды. Используйте эту неделю для самопрезентации, продвижения своих идей и начала новых проектов, где вы можете блеснуть талантами. Энергия периода способствует ярким романтическим событиям и укреплению лидерских позиций.




ДЕВА. Для вас наступает идеальное время для наведения порядка и стратегического планирования. Сосредоточьтесь на систематизации рабочих процессов, составлении планов на осень и заботе о собственном здоровье. Ваша эффективность и внимание к деталям помогут завершить давно отложенные дела и получить заслуженное признание.




ВЕСЫ. В центре вашего внимания на этой неделе окажутся партнерские отношения и социальная гармония. Ваши дипломатические способности помогут сгладить любые конфликты и найти компромисс в самых сложных ситуациях. Это прекрасный период для заключения договоров и укрепления союзов. В личной жизни счастье будет зависеть от вашей готовности идти на уступки и слышать партнера.




СКОРПИОН. Вас ждет период глубокой внутренней трансформации и работы над собой. Неделя может принести важные озарения и раскрыть скрытый потенциал. Доверяйте своим предчувствиям, они станут вашими лучшими советчиками в делах и отношениях. В профессиональной сфере стоит действовать не напрямую, а используя стратегический подход и наблюдательность.



СТРЕЛЕЦ. Для вас открываются новые горизонты, связанные с друзьями, коллективными проектами и планами на будущее. Ваше стремление к свободе и оптимизм привлекут в вашу жизнь единомышленников. Участвуйте в общественной деятельности и неформальных встречах — именно там вас ждут перспективные знакомства и полезные связи.



КОЗЕРОГ. На этой неделе фокус смещается на ваши карьерные амбиции и социальный статус. Появятся реальные шансы для профессионального роста и достижения давно поставленных целей. Ваша настойчивость и трудолюбие будут замечены и оценены высшестоящими лицами.



ВОДОЛЕЙ. Вас ждет неделя расширения мировоззрения и интеллектуальных открытий. Тяга ко всему необычному и прогрессивному приведет вас к интересным людям и прорывным идеям. Благоприятный период для изучения иностранных языков, взаимодействия с людьми издалека и освоения новых технологий.



РЫБЫ. Эта неделя погрузит вас в вопросы личных финансов, глубоких эмоциональных связей и внутренних перемен. Возможно, придется столкнуться с необходимостью решить старые долговые обязательства или пересмотреть общие ресурсы с партнером. Ваша проницательность поможет понять истинные мотивы окружающих.

СКАНВОРД

Носитель ватного халата в жару	↖	Что такое ворс?	↖	Метелка в банке с огурцами	↖	Лосо-севая рыба	↖	↖	↖	↖
↖						Сырье для пуляке		Органическое удобрение		Московский аэропорт
В каком созвездии Арктур?		Крем - подтягиватель кожи		Кто у греков возле хлеба?		Однокашница по курсу	↖			
↖		↖		↖		Откорм на пастбище		Титул сына Атоса		«Мой учитель» по-еврейски
Мокасины для индейца	↖			Ложные показания	↖					
	Пачка бумаги		Тяжелая музыка			Реалити-...		Ракита или бредина		
↖				Российский адмирал	↖					
	Фильм «Смертельная ...»		Ноль на рулетке					Немецкий «восток»		Маршак
↖				Порт в Великобритании	↖					
	Леонардо да ...		Английский автомобиль	↖		Линейки для нотной записи				
Зацепка для начала ссоры	↖	Звание в кавалерии		Интонация в голосе	↖			Картежный возглас		Картофель в жире
↖				Тоннель для пули		Хвостик простейших		Низкая мягкая табуретка		
«Буквы кривые, да ... прямой»		Кулинарное смешивание						Ароидное растение		
↖				Гаусс	↖	«Птичья» река в Грузии	↖			
Скандинавская столица		Трехстишие самурая								
↖				Конец, крах, провал (разг.)	↖					
Птица на гербе		Пианист Янг								
↖				Фиксатор волос	↖					



Анекдоты, анекдоты...



Штирлиц пришел домой, наглухо закрыл все двери и окна, опустил светомаскировочные шторы, растопил камин и пустил воду в ванной. Только после этого он отпер сейф, достал оттуда бутылку водки и тарелку салата. Бутылку он выпил прямо из горлышка – винтом, а потом немного подумал и тихо упал лицом в салат. Голос Копеляна за кадром: «Только один раз в году — 23 февраля — полковник разведки Максим Исаев позволял себе вспомнить о том, что он офицер Советской армии!»

* * *

Штирлиц проснулся в тюремной камере. Он совершенно не помнил, как сюда попал, какое сегодня число и какая в городе власть. После долгих размышлений он наконец решил, что, если войдет гестаовец, надо будет сказать: «Хайль Гитлер, я — штандартенфюрер СС фон Штирлиц», а если войдет советский солдат — представиться: «Я — полковник

Исаев». В этот момент входит милиционер и говорит: «Ну и нажрались вы вчера, товарищ Тихонов».

* * *

Мюллер предложил Штирлицу работать на него. «Но я уже работаю на Шелленберга. — Как быть с трудовой книжкой?» — «А если завести вторую?» — предложил Мюллер. «Знаю я ваши штучки, — не согласился Штирлиц. — Вы потом пришлете гестаповцев проверить, сколько у меня трудовых книжек». — «С вами страшно разговаривать, Штирлиц, — признался Мюллер. — Вы просто читаете мои мысли».

* * *

Мюллер: «Признайтесь, Штирлиц, что не отказались бы сейчас посидеть где-нибудь на берегу Волги с удочкой?». Штирлиц: «Не могу я сейчас в Россию, группенфюрер, у меня партвзносы за много лет не уплачены!»


АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ СӨЗ ӨНЕРІ

Қазақ халқы сөзге терең мән берген халық. Сөз өнерін барлық білім – ғылымның атасы деп білген. Сөз өнері – жүректі шымырлатып, ашуды ақылға жеңдіріп, ойдың бояуын қандыра өрнектеп жеткізетін ұлы өнердің бірі. От тілді, орақ ауызды біздің данышпан бабаларымыз өнердің осы түріне ерекше ден қойып, ауыз әдебиетінің сан алуан түрлерімен келешек ұрпаққа терең тәрбие берген. Сондықтан да біздер үшін бұл өнердің қасиеті тым ерекше. Осы ерекше қасиетті өнерді зерттеген ғалымдар, ойшылдар кемде-кем. Солардың бірі – ұлт ұстазы, қазақ интеллигенциясының жарық жұлдызы А.Байтұрсынұлы.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әдебиеті мен сөз өнерінің дамуына айрықша еңбек сіңірді. Қазақ гуманитарлық ғылымдарының тарихында «Әдебиет танытқыштың» орны ереше. Бұл кітап А.Байтұрсынұлының қазақ тіліне, сөз өнеріне жасаған ең үлкен сыйы деп білеміз. «Әдебиет танытқышпен» танысқаннан кейін қазақ зерттеушілері қазақ әдебиет теориясының басты терминдерін Ахмет Байтұрсынұлы қалыптастырған деп, бір ауызды қорытынды жасаған. Ахмет Байтұрсынұлы: «Нәрсенің жайын, күйін, түрін, түсін, ісін сөзбен келістіріп айту өнері – бұл сөз өнері. Қазақша – асыл сөз, арабша – әдебиет, еуропаша – литература», - дейді де, осы өзі айдар таққан асыл сөздің басқа ғылымдардан айырмашылығын былай деп нақтылайды: «Алдыңғы өнердің бәрінің де қызметін шама-қадарынша сөз өнері атқара алады. Қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай сымбатты я кескінді сүгіреттер болсын, қандай әдемі ән-күй болсын, сөзбен сөйлеп, сүгіреттеп көрсетуге, танытуға болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді», - деп пайымдайды.

Сөз өнері адам санасының үш негізіне тіреледі: 1)ақылға, 2) қиялға, 3)көңілге.

Ақыл ісі — аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғыну, тану, ақылға салып ойлау, қиял ісі — меңзеу, яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бейнесіне ұқсату, бейнелеу, суреттеп ойлау; көңіл ісі — тую, талғау.



Тілдің міндеті — ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің туюын түйгенінше айтуға жарау. Мұның бәріне жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама-қадарынша жарайды. Бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын. Ойын ойлаған қалпында, қиялын меңзеген түрінде, көңілдің түйгенін түйген күйінде тілмен айтып, басқаларға айтпай білдіруге көп шеберлік керек. Мүддесін тілмен айтып жеткізу қиын екендігін, оған өте шеберлік керек екендігін мынадан байқауға болады.

Сөз өнеріне жұмсалатын зат — сөз. Сөз шумағы тіл деп аталады. Сөз өнеріне жұмсалған сөз шумағы да тіл (я лұғат) деп аталады.

Өзінің «Әдебиет танытқышын» сөз өнерін А.Байтұрсынұлы былай деп көрсетеді: «сөзден өдемілеп әңгіме шығару өнері үй салу өнеріне ұқсас. Үй салуға мәселен, түрлі зат керек. Ол керек зат топырақ болса, оны біріктіріп илейді, иленген балшықтан кірпіш құяды. Кірпішті қалап, неше

түрлі үй қылып шығарады. Үйдің жақсы — жаман болып шығуы балшығынан да кірпішінен де болады. Бірақ көбінесе кірпіштерінің қалауынан болады. Сол сияқты жақсы сөздің, адамның көңіліне жағатын әңгіменің де негізі сөзге байланысты болады. Сөз жақсы болса әрі қарай өрбитін әңгіме де жақсы болмақ.

Айтушы ойын өзі үшін айтпайды. Өзге үшін айтады. Сондықтан ол ойын өзгелер қиналмай түсінетін қылып айту керек. Ол үшін айтушы сөйлейтін тілін жақсы қолдана білуі тиіс. Яғни әр сөздің мағынасын жақсы біліп, дұрыстап сөйлемді тізе білуі тиіс. Тілді қолдана білу деп — айтатын ойға сәйкес келетін сөздерді таңдап ала білуді және сол сөздерді сөйлем ішіне орын — орнына дұрыстап қоя білуді айтамыз.

Жоғарыда аталған ақпараттарды қорытындылай келе, ұлт ұстазы — Ахмет Байтұрсынұлының азулымен алысып жүріп зерттеген қазақ сөз өнері тақырыбын бір ғана мақаламен толық қамтуымыз мүмкін емес. Алайда, Ахмет атамыз қазығын қағып, діңгегін тұрғызған қазақ руханияты, рухани құндылықтарымыз, қайта тірілген сөз өнеріміз ұлттық тәуелсіздігімізге әлі де сан ғасырлар қызмет ете беретініне сенімдіміз.

Лаура ӘЛІПБАЕВА,
Ұлытау ауданы білім бөлімінің «№18 ЖББМ» КММ-нің орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

УСЛОВНО-ДОСРОЧНОЕ ОСВОБОЖДЕНИЕ

Условно-досрочное освобождение (УДО) — это право осужденного на досрочное прекращение исполнения наказания, до отбытия назначенного срока, при условии, что цели наказания достигнуты.

В соответствии со статьей 39 Уголовного кодекса Республики Казахстан (далее - УК) наказание применяется в целях восстановления социальной справедливости, а также исправления осужденного и предупреждения совершения новых уголовных правонарушений как осужденным, так и другими лицами.

УДО регулируется статьей 72 УК, которая предусматривает условия для УДО.

Для УДО необходимо осужденному отбыть предусмотренную УК часть срока наказания, доказать свое исправление, то есть при решении вопроса об УДО суд проверяет: фактическое отбытие срока наказания, например, не менее 1/3, 1/2 или 2/3 в зависимости от категории преступления, поведение осужденного, соблюдение осужденным правил внутреннего распорядка, выполнение требований администрации учреждения уголовно-исполнительной системы, участие в мероприятиях воспитательного характера и в общественной жизни учреждения, поощрения, взыскания, поддержание отношений с родственниками и осужденными, положительное или отрицательное отношение к учебе, труду, воз-

мещение ущерба и другие обстоятельства, которые могут свидетельствовать об исправлении осужденного.

УДО не применяется к осужденным, указанным в части восьмой статьи 72 УК.

При этом суд оценивает поведение осужденного не только за время, непосредственно предшествующее рассмотрению ходатайства, но и за весь период нахождения в учреждении, включая время содержания под стражей до вынесения приговора.

Предоставление условно-досрочного освобождения является актом доверия государства и общества к осужденному. Суд своим решением выражает надежду, что это доверие будет оправдано, а осужденный не вернется к преступной деятельности.

Для суда рассмотрение вопроса об УДО — это не просто формальная процедура. Это баланс между гуманизмом и обеспечением безопасности общества. Судья оценивает не только «бумажные показатели», но и личность осужденного, его поведение и готовность к возвращению в социум.

Г.ИСКАКОВА,
судья Жезказганского городского суда.

КЕМЕ ИЕЛЕРІНІҢ НАЗАРЫНА! ҚАЙЫҚ САТЫП АЛДЫҢ БА? ТІРКЕУДІ ҰМЫТПА!

Ұлытау облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы 2025 жылға арналған флоттағы апаттылықтың алдын алу жоспары аясында Қазақстандықтарға ескерту жасалады: барлық кемелер — жеке болсын, заңды тұлғаларға тиесілі болсын — міндетті түрде тіркелуі тиіс.

Нені білу керек?

- Кеме Мемлекеттік кеме тізіліміне немесе кеме кітабына тіркелуі керек
- Сатып алынған күннен бастап 30 күн ішінде өтініш беру қажет
- Тіркеусіз — айыппұл және пайдалануға тыйым
- Құрамына кіретін шлюпкалар мен кеме жабдықтары жекелеп тіркелмейді

Шағын көлемді кемелерді тіркеу:

- Жеке тұлғалар — тұрғылықты мекенжайы бойынша

- Заңды тұлғалар — заңды тұлғаның, филиалының немесе өкілдігінің орналасқан жері бойынша

КҮТПЕ!

Кемені тіркеу — жай қағазбастылық емес, бұл сіздің судағы қауіпсіздігіңіз бен заң алдындағы қорғанысыңыз.

Барлық сұрақтар бойынша: Жезказған қаласы, Ғарышкерлер бақжолы, 15 ғимарат, 19 кабинет, анықтама телефондары 8(7102)-92-56-46, 92-56-47, моб тел. 8-778-661-10-10 хабарласуға болады.

К СВЕДЕНИЮ СУДОВЛАДЕЛЬЦЕВ! ПРИОБРЕЛ ЛОДКУ? НЕ ЗАБУДЬ ЗАРЕГИСТРИРОВАТЬ!

Инспекция транспортного контроля по области Ұлытау в рамках плана по снижению аварийности на флоте на 2025 год Казахстанцам напоминают: все суда — маломерные, частные или юридические — подлежат обязательной регистрации.

Что нужно знать?

- Судно должно быть зарегистрировано в Государственном судовом реестре или судовой книге
- После покупки у вас есть 30 дней, чтобы подать заявление
- Без регистрации — штраф и запрет на использование
- Шлюпки и оборудование, входящие в состав судна, не подлежат отдельной регистрации

Регистрация маломерных судов:

- Физлицам — по месту прописки
- Юрлицам — по адресу филиала, представительства или юрлица

НЕ ОТТЯГИВАЙ!

Регистрация — не формальность, а ваша безопасность на воде и защита от штрафов.

По всем вопросам просим обращаться по адресу: город Жезказган, бульвар Ғарышкерлер здание 15, кабинет 19, справочные телефоны: 8 (7102) 92-56-46, 92-56-47, моб тел. 8-778-661-10-10.

26-қазан – Сәтбаев қалалық мәслихатының шығып қалған депутаттарының орнына сайлау күні

№6 бірмандатты сайлау округінен Сәтбаев қалалық мәслихатының депутаттығына кандидат Батыржан Абдоллаұлы ДАСТАНОВТЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

НАҚТЫ ІСТЕРМЕН АЙНАЛЫСАТЫН ДЕПУТАТ БОЛАМЫН!

Құрметті сайлаушылар! Мен, **Батыржан Абдоллаұлы Дастанов**, осы қаланың перзенті ретінде Сәтбаевтың болашағы үшін өзіме жауапкершілік алуға дайынмын. Жастардың өкілі ретінде, менің көзқарасым заманауи, белсенді, әділдік пен ашықтыққа негізделген. Жаңа буынға жаңа тәсілдер керек. Өзгеріс өзімізден басталады!

Менің басты мақсатым – жастар мен жалпы халықтың мәселесін еститін, нақты шешім ұсынатын, шынайы іспен айналысатын депутат болу.

Жастарды қолдау – басты назарда

1. Жастарға арналған тегін үйірмелер мен спорт секцияларын ашу;
2. Кәсіпкерлікке баулу, стартаптарға қолдау көрсету (оқыту, грант іздеу);
3. Жұмыссыз жастарға арналған қысқа мерзімді тегін курстар ұйымдастыру;
4. Қаламызда жастар Кеңесін құрып, барлық бастамаларын қолдау;
5. Студенттер мен жас мамандардың тұрғын үй, жұмыс мәселесін көтеру.

Жаңа буын – жаңа өзгеріс

1. Мен жаңаша ойлайтын, жанды жұмыс істейтін депутат боламын;
2. Билік пен халық арасындағы шынайы көпір боламын;
3. Сәтбаев жастары – Сәтбаевтың болашағы екенін дәлелдеймін!

Мен мәслихатқа депутат болуға емес, жұмыс істеуге барамын.

Жас болсам да, бойымда - жігер, сөзімде - уәде, ниетімде - шындық бар.

Қаламызды жастармен бірге дамытайық!

Жаңашыл, әділ, ашық депутат болуға уәде беремін!

(Республикалық бюджет қаржысы есебінен төленді)

26 октября — День выборов депутатов Сатпаевского городского маслихата вместо выбывших

ПРЕДВЫБОРНАЯ ПРОГРАММА кандидата в депутаты Сатпаевского городского маслихата от одномандатного избирательного округа №6 ДАСТАНОВА Батыржана Абдоллаұлы

БУДУ ДЕПУТАТОМ, ЗАНИМАЮЩИМСЯ РЕАЛЬНЫМИ ДЕЛАМИ!

Уважаемые избиратели! Я, **Батыржан Абдоллаұлы Дастанов**, как патриот города Сатпаев готов взять на себя ответственность за его будущее. Как представитель молодежи, мой подход современный, активный, основанный на справедливости и открытости.

Новому поколению - новые подходы.

Изменение начинается с нас самих! Моя главная цель: стать депутатом, который слышит проблемы молодежи и населения в целом, предлагает конкретные решения, занимается реальным делом.

Поддержка молодежи – в центре внимания:

1. открытие бесплатных кружков и спортивных секций для молодежи;
2. обучение предпринимательству, поддержка стартапов (обучение, поиск грантов);
3. организация краткосрочных бесплатных курсов для безработной молодежи;
4. создание в городе Молодежный совет и поддержать все инициативы;
5. поднятие жилищных, рабочих вопросов студентов и молодых специалистов.

Новое поколение – новые изменения:

1. Я буду депутатом, который будет думать по-новому, делать по-новому;
2. Стану настоящим мостом между властью и народом;
3. Хочу доказать, что Сатпаевская молодежь – это будущее Сатпаева.

Я прихожу работать, а не быть депутатом. Несмотря на то, что я молод, у меня есть энергия, правда в моих намерениях.

Развиваем наш город вместе с молодежью!

Обещаю быть новатором, справедливым, открытым депутатом!

(Оплачено из средств республиканского бюджета)

МЕЙІРІМ

ЕРЕКШЕ БАЛАЛАРҒА - ЕРЕКШЕ ҚҰРМЕТ

«Ұлытау Мейірімі» қоғамдық қорының кезекті игі шарасы өте жоғары деңгейде өтті. Алғаш рет инклюзивті фестивалі жиналған қауымға әсіресе, балаларға есте қаларлықтай болды.

Фестивальдің негізгі мақсаты – инклюзивті мәдениетті дамытуға ықпал ету, ерекше қажеттіліктері бар қатысушылардың талантын қолдау және шығармашылық қабілеттерін шыңдау, ашу, сондай-ақ ерекше қажеттілігі бар балаларымызға қуаныш сыйлау, талантын танытуға мүмкіндік беру, қоғамның оларға деген қолдауын сезіндіру. Тұңғыш Фестивальге 7 жастан 35 жасқа дейінгі ерекше білім беруді қажет ететін балалар, жасөспірімдер және жастар қатысты.

Сонымен қатар, ата-аналар, шығармашылық ұжымдар, еріктілер мен қолдау көрсететін ұйым өкілдері шақырылды. Фестиваль төмендегідей бағыттарымен айшықталып, әсерлі өтті.



«Жұлдыздар шеруі» – қатысушылардың сахнаға салтанатты шығуы, оларды волонтерлердің қолдауы. Модельдік көрсетілім (де-

филе) – қатысушылардың киім үлгілері мен бейнелерін көрсету. Шығармашылық байқаулар мен көрмелер, сурет көрмесі,

«Shopper-art» интерактив аймағы (шоппер сәмкелерін бояу), қолөнер бұйымдары көрмесі, аспаздық байқау. Ал, концерттік бағдарламалар (ән айту, би билеу, өлең оқу және т.б.) тіптен ерекше болды.

Ұлытау облысының әкімі орынбасары Жәнібек Нөпіров арнайы қатысып, игі шараға сәттілік тіледі. «Ұлытау Мейірімі» қоғамдық қорының өңірімізде іргетасын қалаушы һәм басшысы Гүлжиһан Жұмашқызы бұл фестиваль – әр баланың, әр жастың бойындағы талант пен шексіз мүмкіндікті танытатын, мейірім мен тең мүмкіндіктерді дәріптейтін маңызды шара екенін айтты. Байқауға Ұлытау облысының Іскер әйелдер Қауымдастығының төрайымы Шолпан Елубайқызы, бас де-меуші «Қазақмыс Барлау» басшысы Ғалым Жұмабайұлы, Жаңарқа ауданындағы «Бір-лестік» шаруашылық қожа-

лығының төрағасы Ахметов Азамат, «Астана Премиум Строй» ЖШС басшысы Марғұлан Есболұлы, жеке кәсіпкер Бауыржан Тортайұлы және Зәуреш Ихсанқызы, Шолпан Жанкелдіқызы сияқты мейірімді жандар демеушілік жасап, атымтай-жомарттықтарын танытты.

I-ші «Ұлытау Мейірімі» фестивалі – өнер мен шабыттың, достық пен ізгіліктің мерекесі ретінде ерекше балаларға ұмытылмастай әсер сыйлады. Ұлытау Мейірімі» қоғамдық қоры ұжымына шығармашылық жетістік пен еңбектеріне мол табыс тілейміз!

Әрқашан жүректеріміз мейірімге толы болып, қоғамымыз қамқорлық пен сүйіспеншілікке шексіз бай болсын!

Ізтөлеу ТҮСІПОВ,
ҚР Журналистер
Одағының мүшесі.

Саяси-қоғамдық, танымдық-сараптамалық, ақпараттық-жарнамалық газет

АЙМАҚ АҚШАМЫ

Газет 2016 жылғы 18 қазанда ҚР Ақпарат және коммуникация Министрлігінде тіркеліп, №16179-г куәлігі берілген, 2021 жылғы 29 қазанда ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылған.

Меншік иесі: «ЖК «Дастанов»

Бас редактор: Абдолла ДАСТАНОВ

Тираж 520 Заказ 1767

Газет «ASU» Баспа Үйі ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр Медиа» ЖШС баспаханасында, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4-үй, басылды. Газет тоқсанына 1 реттен кем шықпайды.

Редакцияның мекенжайы:
Ұлытау облысы, Сәтбаев қаласы, Құсайынов көшесі, 8
E-mail: abdolla61@mail.ru

Индекс – 64799

Газеттің басылу сапасына баспахана жауапты. Жарнама, хабарландырулардың нақтылығына оларды берушілер жауапты.

Мақала авторларының көзқарасы редакция ұстанымымен сәйкес келе бермеуі мүмкін.